

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HAJQ8680>

***Р. М. Ускенбаева¹, А. Ж. Үдербаев², Г. К. Шахажанова³,
С. А. Оданова⁴, К. Б. Жаксылыкова⁵**

^{1,2,3,4,5}Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ

ұлттық техникалық зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0401-611X>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1787-8624>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8750-0769>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2939-7198>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1349-4981>

*e-mail: r.uskenbayeva@satbayev.university

ҚАЗАҚ МИФОЛОГЕМАСЫНДАҒЫ «ТӘҢІР» МИФОНИМІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кез келген ұлттың тарихы, мәдениеті, тіл арқылы көрінетінін ескерсек, қазіргі жаһандану дәуірінде Әлемдік кеңістікте мәдениетаралық қатынастар барысында ұлт құндылығын, танымын бойына сіңірген тәңір теонимін тіл тұрғысынан талдап, көрсетуді осы мақалада негіз етіп алдық. Түркі халықтарына ортақ «жаратушы», «әлемді билеуші» мағынасымен қатар, қазақ халқының таным-түсінігіндегі «тәңір» сөзі «құдыретті тылсым ие» ұғымында қолданылатыны белгілі. Ұлттың болмысындағы өзгешеліктер ұлттық этносқа қатысты. Басқаша айтқанда, мұндай ерекшеліктер этносқа ғана тән дүние. Сол себептен де ерек этносқа тиесілі өзгешелікті қисын тұрғысынан этно-мәдени яки ұлттық, мәдени-ұлттық немесе мәдени-тілдік деген жөн болар. Осыған орай, лингвомәдени талдаулар тіл өзгешелігі мен мәдениеттің өзара қатынасында іске асатын ұлт негізіндегі құбылыстарды зерттеу нысанына алады

Ұсынып отырған мақалада қазақ мәдениетінің базистік феномені, ежелгі кезеңдегі таным-түсініктің, ортаны меңгеру мүмкіндігінің ең ескі көрінісі ретіндегі мифологемалардың этномәдени және танымдық аспектісін ашу мәселесі тілді зерттеудің «қазақ әлемін тіл арқылы тану» үрдісіне жаңа бағыттарымен

сабақтасады. Сонымен қатар мақалада ғаламның мифопоэтикалық үлгісіндегі мифологемалардың ұлттық-дүниетанымдық ерекшелігінің лингвомәдени мазмұны ашылып, шынайылық дәрежесі қазақ мифологиялық моделін құрайтын қазақ тіліндегі мифологемалардың өрісі арқылы дәлелденеді. Мақалада қазақ тілінде ғана емес түркі тілдерінде де кең қолданысқа ие тәңір сөзінің танымдық, ұлттық мәдени қыры айқындалады. Оның мифологиялық, фольклорлық шығармалар тіліндегі қолданысы сараланады. Көркем шығармалар тіліндегі қолданыс өрісі көрсетіледі.

Кілтті сөздер: тәңір, құдай, жасаратушы, мифтік ойлау, ұлттық мәдениет, мифологема, мифоним.

Кіріспе

Тіл білімінде кеңінен қарастырылып жүрген «тіл мен мәдениеттің» өзара қатынасқа түсу жағдайы, ең алдымен, зерттеудің терминологиялық жағдайымен байланысты, демек, зерттеудің техникалық қырының анықтауын көздейді. Сонымен қатар, мазмұндық қырының да айқындалуын керек етеді, себебі бұл зерттеудің шынайылығының көрінісі. Аталмыш мәселелер тілдік бірліктердің, оның ішінде мифологемалардың да ұлттық яки мәдени, таза ұлттық және мәдени ұлттық компоненттерін айқындауда керек екендігі сөзсіз.

Ұлттық және мәдени компоненттер өзара әрекеттестігінің күрделі сипаты, олардың бір-бірінен ажыратылмас байланысының дәлелі деп санаймыз. Алайда ұлттық және мәдени ерекшеліктердің аражігін ажырату ең маңызды мәселелердің де бірі болып саналады. Фольклорлық-мифтік, көркем шығармалардағы мифологемалардың ұлттық-танымдық көрінісі туралы белгілі ғалым Ж. Манкеева мынадай пікір айтады: «тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспеттес. Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілдің мұрагерлік қызметін зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі, әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол – жай таңбалық жүйе емес, ұлт болмысын сипаттайтын мәдениет» [1, 16-б.].

Сол себептен де ұлттың тілінде кездесетін ерекшеліктер этноспен тығыз байланыста қарастырылуы заңдылық. Яғни, нақты этосқа тән өзгешелікті ұлттық немесе этно-мәдени, ұлттық-мәдени немесе мәдени-тілдік деп атаған қисынды. Сондықтан, қандай да бір лингвомәдени зерттелім мәдени және тілдік ерекшеліктердің өзара әрекеттестіктерінде жүзеге асатын ұлттық сипаттағы құбылыстарды қарастырады. Алайда, «этно/ұлттық-мәдени»

және «мәдени-тілдік» ерекшелік терминдердің синонимдік қасиеттерімен бірге, кейбір жағдайларда олардың бір тұстарының басымдылық танытатын жағдаяттары да болады. Мәселен, «этно/ұлттық-мәдени ерекшелік» термині мәдени-тілдік ерекшелігі әрекетін белгілі бір этнос шеңберінде ғана шектеп көрсетеді» [2, 73-б.]. Лингвомәдениеттаным мен когнитивтік лингвистика мәселелеріне негізделген тілдегі архетип, миф, символ, концепт табиғаты мәселесін өз зерттеулерінде жан-жақты зерделеген ғалым Ж. Аймұхамбет келесідей тұжырым жасайды: «Мифтік танымға ікелей қатысы бар фольклор кейіпкерлерінің көпшілігіне тән ерекшелік – олардың адамзат нәсілінен өзге саналы тіршілік иелерінің қолдауына ие болатындығы немесе солармен қалайда бір байланысқа түсетіндігі. Бұл әлем халықтары фольклорында тұрақты кездесетін мотив» [3, 30-б.]. Осыдан мифтік танымға негізделген көркем шығармалардағы кейіпкерлердің жасампаздығын көреміз. Ұсынып отырған мақалада түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының таным-түсініндегі «тәңір» мифологемасының тілдегі көрінісі жан-жақты қарастырылатын болады.

Материалдар мен әдістері

Лингвомәдени зерттеудің негізгі бағыты тілдік-мәдени өзгешелікті анықтау екендігі белгілі. Осыған орай зерттеулердің басым бөлігінде салыстырмалы және интроспективтік әдістерді қолданатындығы белгілі. Мақалада осы негізге туыс тілдердегі ұлттық ерекшеліктің тілдегі мәдени, этностық ерекшелігінің көрінісін салыстыра қарастырылды. Сонымен қатар, интроспективтік әдіс бойынша бір тілдегі мәдени-ұлттық өзгешелікті айқындауды, саралауды негіз етіп алдық.

Лингвомәдени көзқарас негізінде тілдік мәдени өзгешеліктер мен тілдік мәдени эмбедеп ұғымдардың да аражігі айқындалуы керек деп санаймыз. Өйткені аталған түсініктер мәдениет пен тіл арақатынасының өзара әрекеттестігі негізінде көрінетін тілдік категория қатарында көрініс табады. Дегенмен, тілдік мәдени өзгешеліктер мен эмбебап мәдени категорияларды өзара қайшы ұғым ретінде түсіну қиынсыз болар еді. Кез келген халық тілінің ұлттық ерекшеліктерге ие болуы ұлттың рухани өмірімен, ұлттық дүниетаным, әлеуметтік және саяси жағдай, жалпы қоғамның даму деңгейімен байланысты. Ғалым Д. А. Керімбаеваның пікірі бойынша: «Ғаламның тілдік бейнесі, ең алдымен, нақты ұлттық (этникалық ерекшеліктерден) концептуалдық дүние бейнесінен құралады. Басқаша айтқанда, ғаламның тілдік бейнесі әрқашанда ұлттық ерекшеліктерден түзіліп, этномәдени сипатта қалыптасады» [4, 74-б.]. Яғни әрбір ұлттың өзіндік танымы, түсінігі, дүниетанымы, діні, тілі болады, соның негізінде ерекше «ғаламның тілдік бейнесі» қалыптасатыны да сөзсіз.

Ғаламның тілдік бейнесі тілді дүниетаныммен байланыста қарайтыны белгілі. Осы ғаламның тілдегі көрінісі тіл тәсілі негізінде бізді қоршаған әлемнің концептуалдануын іске асырады. Әлем бейнесі тілдегі белгілі жүйенің әртүрлі тілдік бірліктерінің негізінде қалыптасады. Концептосфера болса сол тілдегі сөздік мүмкіндік негізінде қалыптасып, тілдік жүйедегі сөздік қорды анықтайды. Былайша айтқанда, тілдің ғаламдық бейнесі тіл негіздерінің барша әдіс-амаланың өзара әрекеттестігі негізінде қалыптасады десек, ал концептосфера ұлт өзгешелігін айқындайтын концептілердің айнала ортаны тануымен байланыстырамыз. Ғаламның тілдік бейнесінде құбылыстың лингвистикалық қалыбы негізгі болып танылса,, концептосферада алғашқы менталдылық құбылысын басшылыққа аламыз. Осы қырынан қарағанда әлемнің тілдік бейнесін әр деңгей негізіндегі тіл бірліктерінің бірізді, жүйеленген қолданысқа түсуі бойынша айнала қоршаған ортаның байланысын таныту деп білеміз «Концептосфера қызметтік аспекспен тығыз байланысты, себебі, ол белгілі бір ұлттық-мәдени қауымдастық тіл иелерінің мәдени ақпараттық кеңістігін білдіреді» [5], сондықтан да концептосфера менталды-ақпараттық сала болып табылады.

Ұлттық таным-түсініктің қазіргі жас ұрпақтың санасында заманауи мультимедиялық-ақпараттық құралдар арқылы жаңғыртудың өзектілігін Ж. Аймұхамбет ғылыми-зерттеу еңбегінде талдап, көрсетеді [6].

Сонымен, қазақ халқының мифологиялық шығармалар тілінде кездесетін және сол мифологиялық шығармалардың тууына, қоршаған орта туралы таным-түсініктердің қалыптасуына тікелей негіз болып отырған мифологемаларды ұлттық мәдени құндылық ретінде зерделей отырып, мифологемаларды мағыналық топтастыру барысында олардың ең көбі *ономастикалық бірліктер* екендігіне көз жеткіздік.

Теология ғылымын зерттеуші ғалымдар жаратушы ұғымына қатысты құдайлардың есімдерін дін тұрғысынан түсіндіріп, оларды теологиялық атау ретінде түсіндірсе, біз олардың мифологиялық шығармалар тілінде де кездесіндігін айтымыз келеді. Яғни, діни атауға ие болған атаулар діндік түсінімдерге дейін мифтік кейіпкер болған болуы мүмкін деген тұжырым жасаймыз. Ол атаулар, яғни мифонимдер: *Алла, Тәңірі, Құдай, Мұхаммед пайғамдар және т.б.*

Мифологиялық шығармалар қатарында қатастырып отырған еңбектердегі мифтік персонаждардың, атап айтсақ түркі халықтарына ортақ ««Қорқыт ата»» шығармасында *Алла, Тәңір, Құдай* теонимдерінің қатар қолданылғандығын көреміз. Ойымызды «Қорқыт» шығармасынан келтірілген мысалдар арқылы көрсетсек: «*О, бек жігіт, Алла бұйрығы солай болды [7, 67-б.] немесе Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі бәндесінің*

маңдайына ие жазса, сол болады [7, 7-б.]. Сол сияқты *Кұдайдың өзі берген бағың өшпесін, үмітің өлмесін*» [7, 33-б.]. «Қолданыс аясы, берер мағынасы тұрғысынан алғанда бір ұғымға саятын үш лексикалық бірліктің бір шығарманың бойынан табылуы шығарманың түркі даласына ислам дінінің тарау кезеңінде дүниеге келуінен болуы керек. Себебі, түркі халықтары ислам дінін қабылдамай тұрғанда әлемді басқарушы күш иесі *тәңір* деп сенген» [5, 318-б.]. Яғни *тәңір* сөзі аталған шығармада екі лексикалық бірлікке қарағанда жиірек қолданыс тапқан. «Тәңір» – түркілік сөз.

«Тәңір» сөзінің қалыптасуында мифтік танымның негізі жатқандығын тілші-ғалымдар атай отырып, «Содержание этого полумифического предания сводилось к следующему: два божества – таң «утренняя заря» и іңір «вечерняя заря», – якобы поочередно берегут покой землян целые сутки. Смены караула производится перед наступлением сумерек, т.е. когда дневное светило уходит на ночлег», – деп түсіндіреді [8, 316-б.]. Ары қарай ғылыми мақалада қазақ түсінігіндегі «қарауылдардың» алмасуы уақытына қарай ұлт тіліндегі қолданыста «*күнмен бірге таласа жатпау, екі кештің арасында ұйықтамау*» сияқты таным-түсінікті айқындайтын лексикалық бірліктердің қалыптасуын көрсетеді.

Адамзат баласының айнала қоршаған ортаны алғаш қабылдауында барлық заттар *жанды, тіршілік иесі* ретінде қабылдағандығын зерттеу объектісіне мифті арқау етіп алған ғалымдардың барлығы дерлік айтқан. Сол сияқты Күннің шығар уақыты *таңғы* уақыт пен кешкі *іңір* уақытын айқындайтын таң және іңір қолданыстарының ұзақ қолданыс барысында тілдің кірігу заңдылығының негізінде, *таң+іңір+таңіңір+* тәңір сөзінің қалыптасқандағы сөз болады [8, 316-б.].

Түркі дүниесіне ортақ Махмұт Қашқари еңбегі «Түрік сөздігінде» *тәңір* тіл бірлігінің түзілуіне, қолданысқа енуіне *іңір* сөзінің негіз болғандығын «жарық пен қараңғының өзара шарпысып, астасуы» деген мағынада қолданылуынан екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, оғыздардың тілінде *ітір-імір* ретінде айтылатындығын көрсетеді [9, 123-б.]. В. В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты шығармасында іңір лексемасының «вечерняя заря, сумерки, вечерь» сияқты мағынасымен қоса *іңгір* нұсқасын де «вечерь» кеш мағынасын беретіндігін айтады. [10, 1432–1446-б.].

Тәңір лексемасы қазақ тілімен қатар түркі халықтарының барлығында да қолданысқа ие. Оңтүстік Сібір мен Алтай аймағындағы халықтардың таным түсінігіне ортақ аталған лексикалық бірліктің «шығыстың мифологиялық бейнесі» екендігін айтқан Мұрад Аджи шығыс халықтары, қыпшақ тілдік тобындағы халықтар қолданысындағы *тәңір* «Тенгери», «Тенгри», буряттықтар – «Тэнгэри», шуваш халқы – «Тура», моңғол елі – «Тэнгер»,

түрінде әрқалай дыбысталғандығын осы халықтардың түсінігіндегі тәңірі ұғымының ортақтығын білдіреді [11, 25–51-б.].

«Дәстүрлі түркі танымындағы Тәңірі түсінігі мен оның сипатын анықтау түркілердің мінез-құлқы мен психологиясын танудың бастау бұлағы іспетті. Көк Тәңірін ұлықтап жүретін көне түркі – өр мінезді, төзімді, әділ, жауынгер. Мифологиялық ұғым бойынша көне түркілер өздерін «аспаннан шыққан немесе аспан түріктері» деп өзіндік жасампаздық болмыстарын қалыптастырған» [12, 156-б.].

Сонымен қатар, халық тұрмыс-тіршілігіне тәуелсіздіктің соңғы жылдарында ислам дінінің етене енуіне байланысты ұлт өкілдерінің тілдік қолданысында *Алла* сөзінің жиі контекске түсуі де байқалады.


Нәтижелер және талқылау

Мифологиялық шығармалардағы жаратушы ұғымында қолданысқа түскен *Тәңір* мифологемасының мифологиялық шығармалармен қатар қазіргі мифопоэтикалық шығармалардағы қолданыстық аясын келесі сурет арқылы көрсетуге болады (Сурет 1).

Сол сияқты, ««Қорқыт ата»» шығармасында тәңір сөзіне байланысты «*Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі бәндесінің маңдайына не жазса, сол болады*» деген сөйлем жолдары арқылы мифологиялық шығармаларда аталған мифологеманың **жаратушы** мағынасында қолданылғандығын көреміз.

Бұл сөйлем жолдарындағы аталған үш лексикалық бірліктің берер мағынасына назар аударма келе, Тәңір және Алла лексемаларының ортақ қолданыста, яғни тура мағынасында, ал *Құдай* сөзінің жаратушы мағынасымен қатар басқа да ауыспалы мағынаға ие екендігін байқауға болады. Айтпағымыз, негізі мифтік түсініктен басталып, ел танымында *ғалам иесі, жаратушы* мағынасындағы *тәңір* сөзі мифологиялық шығармаларда жиі қолданысқа ие болып, түркі даласына мұсылмандықтың тарауынан соң Алла лексемасымен қатар және бір жағынан ежелден қалыптасқын мифтік таным-түсінікті айқындай қолданысқа түскен.

Бертін келе мифтік танымды өз шығармасында ұтымды қолданып, төл әдебиеттің көркеюіне үлес қосып жүрген А. Алтайдың «Казино» атты әңгімесінде керісінше *Құдай* сөзі жиі яғни он бес рет қолданылса, *тәңір* сөзі екі рет жұмсалған.



1 - Сурет – Тәңір мифологемасының мағыналық өрісі

Мысалы: «Мұның құмарын тарқататын, азартын ашатын – казино. Есілайдың айдар таққан «Хрусталь Храм», «Пирамида» да жел мен уақыттың жемі. Бір-ақ сәтте күйрейді. Адамның көкірек қуысындағы жан сұлулығы емес, адам қолы уысындағы тән сұлулығы. Бар-жоғы быт-шыт болар шыны ғана. Шыны... шыны-адам... шыны-қоғам... бәрі де шытынағыш. Тәңірінің тәлкегі – бәрі. ... Жо-жоқ. Адамның арсыздығы. Ал Құдай жоқ. Жо-о-оқ!

«Құдай жоқ! – деді Жошы ішінен тағы да, ұлы күреге көлігінің дөңгелегі тие бере. – Құдай бар болса, дүниені шыныдай шытынатпас еді. Құдай жоқ болғандықтан ада ойына келгенін істеп жүр. Жер бетіндегі адамға «все дозволено!» Өзі үшін өте мәнді осындай бір оппа ойға бекіді» [13, 12-б.].

Осы берілген бір фразалық тұтастықта тәңірі сөзінің мағыналық аясы тарылып, керісінше Құдай сөзі жиі жұмсалатындығы көрінеді.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, тәңір сөзінің түркі халықтарына ортақ теонимдік қолданысымен қатар, қазақ тіліне тән ұлттық ерекшелігін де бойына сіңірген мифоним ретінде қолданыста екендігін айтқымыз келеді. Зерттеу барысында аталған мифологеманың қалыптасуына түркі дүниесіне, қазақ даласына ислам діні тарамай тұрып, мифтік, сакральдық персонаж ретінде танылуына мифтік ойлаудың әсері болуы мүмкін екендігін байқаймыз. Тәңір мифологемасының әмбебептығына, жасампаздығына көз жеткіземіз. Қазақ санасында «құдай» деген ұғымға дейін жету жолы көне мифологиялық шығармалардан бастап қолданылу сағысын көрсете отырып, дәлелеуге тырыстық.

Яғни, қазіргі көркем шығарма тіліндегі «Тәңір» сөзі көне шығармалардағы қолданысынан гөрі ежелгі мифтік танымның негізіндегі қолданысы басым екендігін байқауымызға болады.

Бұл арқылы қазіргі тілдік қолданыста *тәңір* сөзінің мифологиялық шығармалардағыдай жаратушы мағынасынан гөрі мифтік танымның негізінде қалыптасқан ұғымында сақталып қалуынан деп ойлаймыз. Яғни ислам дінінің таралуының негізінде қазіргі тілдік қолданыста ертедегі мифологиялық шығармаларда қолданылған жаратушы мағынасынан гөрі мифтік кейіпкер мағынасында танылуынан деген ойдамыз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Манкеева, Ж. А.** Ұлт тұғыры – тілде // Этнос және тіл. Академик Ө. Т. Қайдардың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы : «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – Б. 15–19.

2 **Ускенбаева, Р. М.** Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде). Филос. ғыл. докт. ... дис. (PhD) / Алматы, 2016. – 149 б.

3 **Аймұхамбет, Ж. Ә.** Мифтік кеңістіктегі адамзат пен пері-зат байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы – № 2(123). – 2018. – 30–38 бб.

4 **Керимбаева, Д. А.** Об этнических аспектах изучения языковой картины мира казахских народных сказок//Тіл әлемі. Мир языка. – Алматы, 2005. – С. 73–79.

5 **Uskenbayeva, R. M., Zhanyzbekova, E.** Myth and Kazakh mythology: retrospective analysis and prospects of research. Indian Journal of Science and Technology. – 2016. – V. 9. Iss.22 ISSN. 0974-6846. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57190126724>

6 **Aimukhambet, Z., Aituganova, S., Alimbayev, A., Sagynadin, G., Seiputanova, A.** The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products. Journal of Curriculum Studies Research, 2023, 5(2). – p. 167–185. <https://doi.org/10.46303/jcsr.2023.25>

7 **Қоңыратбаев, Ә.** Қорқыт ата кітабы. Алматы:Жазушы.1986. – 125 б.

8 **Жубанов, Е., Ибатов, А.** Анализ этимона ТҰҢҒІРІ всевышний: (Опыт ретроспективного подхода) //Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата : Ғылым, 1990.– С. 314–336.

9 **Қашқари, М.** Түрік сөздігі. 1-том/Аударған А.Егеубай. – Алматы : Арда+7, 2017. – 592 б.

10 **Радлов, В. В.** Опыт словаря тюркских наречий.–СПб., 1899. – Вып. 2–3. – 960 с.

11 **Мурат, А.** Полюнь половецкого поля. – М., ООО «Издательство АСТ», 2015. 9-ое издание. – 404 с.

12 **Пансат, Ж., Мамраева, Г., Алқая, Е.** «Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» сөздерінің мифологиялық сипаты. Turkic Studies Journal, 2023, 5. № 3. – Б. 146–157.

13 **Алтай, А.** Казино. Алматы : Атамұра. 2008. –267 б.

References

1 **Mankeeva, J. A.** Ūlt tūğyry – tilde [The foundation of the nation is in the language] // Etnos және тіл. Akademik Ä. T.Qaidardyñ 85 jylдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. (Almaty : «Кіе» lingvoeltanu innovasiyalıq ortalyғы, 2009. –В. 15-19.)

2 **Uskenbaeva, R. M.** Qazaq tilindegi mifologemalardyñ etnomädenitanymdyq aspektısı (mifologialyq шығармалар негізінде). [Ethnocultural-cognitive aspect of mythologems in the Kazakh language (based on mythological works)] Filos. ғыл. dokt. ... dis. (RHD) (Almaty, 2016. 149 b)

3 **Aimūhambet, J. Ä.** Miftık keñistiktegi adamzat pen peri-zat bailanysy және onyñ көркем әдебиетте beinelenui. [The connection between humanity and fairy-matter in the mythical space and its depiction in fiction.] L. N. Gumilev

atyndaǵy Eurazia ultiyq universitetiniń habarshysy. // Filologia seriasy. – № 2(123). – 2018. – 30–38 pp.

4 **Kerimbaeva, D. A.** Ob etnişeskih aspektah izuşenia äzykovoi kartiny mira kazahskih narodnyh skazok//Tıl älemi. Mir äzyka. [On the ethnic aspects of the study of the language world of Kazakh folk tales//Language world. The language of the world] (Almaty, 2005. – P. 73–79.) [in Russian]

5 **Uskenbayeva, R. M., Zhanysbekova, E.** Myth and Kazakh mythology: retrospective analysis and prospects of research. // Indian Journal of Science and Technology. – 2016. – V. 9. Iss.22 ISSN. 0974–6846. – <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57190126724>

6. **Aimukhambet, Z., Aituganova, S., Alimbayev, A., Sagynadin, G., Seiputanova, A.** The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products. // Journal of Curriculum Studies Research. – 2023. – 5(2), – P. 167–185.

7 **Qoñyratbaev, Ä.** Qorqyt ata kitabı. [Book of Grandfather Korkyt.]. – Almaty : Jazuşy, 1986 – 125 p.

8 **Jubanov, E., İbatov, A.** Analiz etimona TÄÑRI vsevyşni: (Opyt retrospektivnogo podhoda) [Analysis of the etymology of God Almighty: (Experience in retrospect approach)] // Problemy etimologii türkskih äzykov. – Alma-Ata: Ğylym, 1990.– S. 314-336. [in Russian]

9 **Qaşqari, M.** Türk sözdıǵı. [Turkish dictionary] Volume 1 / Audargan A. Egeubay. – Almaty : Arda+7, 2017. – 592 p.

10 **Radlov, V. V.** Opyt slovarä türkskih nareşii. [An attempt at a dictionary of Turkic dialects]. – SPb., 1899. – Vyp. 2–3. – 960 p. [in Russian]

11 **Murad, A.** Polyn poloveskogo polä. [Polyn Polovtsian field]. – M. : OOO «Izdatelstvo AST», 2015. 9th edition. – 404 p. [in Russian]

12 **Pansat J., Mamraeva G., Alkaia E.** 2023 «Kök Täñiri», «kök börı», «kök türk» sözderiniń mifolingvistikalyq sipaty. [The mytho-linguistic nature of the words «Blue God», «blue wolf», «blue Turk»]// Turkic Studies Journal. 5. – № 3. – P. 146–157.

13 **Altai, A.** Kazino. [Casino]. – Almaty : Atamūra, 2008. – 267 p.

18.11.24 ж. баспаға түсті.

21.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Р. М. Ускенбаева¹, А. Ж. Үдербаяев², Г. К. Шахажанова³,

С. А. Оданова⁴, К. Б. Жаксылыкова⁵

^{1,2,3,4,5}Казахский национальный исследовательский

технический университет имени К. И. Сатпаева,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 18.11.24.

Поступило с исправлениями 21.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ МИФОНИМА «ТЕНГРИ» В КАЗАХСКОЙ МИФОЛОГЕМЕ

Данная статья основана на лингвистическом анализе теонима Тенгри, который отражает ценности и знания нации, приобретённые в процессе межкультурных отношений. Известно, что помимо общепринятого у тюркских народов значения «творец», «властитель мира», у казахов используется понятие «Тенгри», «обладающий могущественной тайной». Национальные различия тесно связанные с этнической принадлежностью уникальны для конкретной этнической группы. Следовательно, логично назвать признак того или иного этноса национальным или этнокультурным, национально-культурным или культурно-языковым. Таким образом, любое лингвокультурологическое исследование рассматривает национальные феномены, происходящие во взаимодействии культурных и языковых особенностей.

В данной статье проблема выявления этнокультурных и когнитивных аспектов основного феномена казахской культуры, мифологии как очень старого проявления древних представлений, мировоззрения «познания мира казахов через его язык» связана с новыми современными направлениями современного казахского языкознания. Кроме того, в статье сделана попытка раскрытия лингвокультурного содержания национально-мировоззренческих особенностей мифопоэтической модели мироздания, степень достоверности которой подтверждается мифологическим полем в казахском языке, образующей казахский мифологический модель. В статье также раскрывается лингвокультурное содержание национальных и мировоззренческих особенностей мифологемов в мифопоэтической модели мира, а степень достоверности подтверждается полем мифологемов казахского языка, составляющим казахскую мифологическую модель. Даже в статье

определены познавательные, национальные и культурные аспекты слова Тенгри, которое широко используется не только в казахском, но и в других тюркских языках. Рассматривается его использование в мифологических, фольклорных и художественных произведениях.

Ключевые слова: Тенгри, бог, творец, мифологическое мышление, национальная культура, мифология, мифоним.

*R. Uskenbayeva¹, A. Uderbayev², G. K. Shakhazhanova³,

S. A. Odanova⁴, K. Zhaxylikova⁵

^{1,2,3,4,5}К. I. Satpayev Kazakh National

Research Technical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 18.11.24.

Received in revised form 21.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

ETHNOCULTURAL PECULIARITIES OF MYTHONYM TENGGRI IN THE KAZAKH MYTHOLOGEM

This article is based on a linguistic analysis of the theonym Tengri, which reflects the values and knowledge of the nation acquired in the process of intercultural relations. It is known that in addition to the generally accepted in the Turkic peoples meaning «creator», «ruler of the world», the Kazakh people use the concept «Tengri», «possessing a powerful secret». National differences are closely related to ethnicity, i.e. they are unique to a particular ethnic group. Consequently, it is better to call a trait of a particular ethnic group national or ethno-cultural, national-cultural or cultural-linguistic. Thus, any linguocultural study examines national phenomena occurring in the interaction of cultural and linguistic features.

In this article, the problem of identifying ethno-cultural and cognitive aspects of the main phenomenon of Kazakh culture, mythology as a very old manifestation of ancient ideas, the worldview of «knowledge of the Kazakh world through its language» is connected with new modern directions of modern Kazakh linguistics. In addition, the article makes an attempt to reveal the linguistic and cultural content of the national worldview features of the mythopoetic model of the universe, the degree of reliability of which is confirmed by the mythological field in the Kazakh language, which forms the Kazakh mythological model. In addition, the article reveals the linguistic and cultural content of national and ideological features of

mythologemes in the mythopoetic model of the world, and the degree of reliability is confirmed by the field of mythologemes of the Kazakh language, constituting the Kazakh mythological model.

The article identifies cognitive, national and cultural aspects of the word Tengri, which is widely used not only in Kazakh, but also in other Turkic languages. It is considered its use in mythological, folklore and art works.

Keywords: Tengri, god, creator, mythological thinking, national culture, mythology, mythonym.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz